

## **ЖАҚЫН ЖӘНЕ АЛЫС ШЕТЕЛДЕРДЕГІ КӨПТІЛДІЛІК**

**Қабылова Н. Қ.**

**Жаксылыкова К. К.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Жаратылыстану факультеті

Биология кафедрасы

**Жалелова Гаухар Ибатовна**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің,

“Әлем тілдері” кафедрасының аға оқытушысы,

Ақтөбе, Қазақстан

Көптілділік – заман талабы. Көптілділік адамдардың өзара түсінісуіне, рухани ой-өрісінің дамуына, айналасындағы шындықты тануына жол ашады. Әсіресе қазіргі полилингвалды қоғамда түрлі ұлттар мен халықтар өкілдерімен тілдік еркін қарым-қатынас жасау аса маңызды. Қарым-қатынас құралы болып табылатын көптілділік (полилингвизм) және қос тілділік (билингвизм) жайында алыс-жақын шетел ғалымдары болсын, отандық ғалымдарымыз болсын өзекті мәселе ретінде қарастырып, әрқилы пікірлер айтуда. Зерттеуші ғалымдардың бір тобы қостілділік және көптілділіктің ұлттық тілді дамуына кедергі келтіретінін, мемлекеттік тілде сөйлеушінің әлеуметтік белсенділігінің әлсірейтінін, дәлірек айтқанда қазақ тілінің ғылым мен экономиканың тіліне айнала алмай, қазақ тілді орта аясының тарылуына әкелетіндігін айтып дабыл қақса, ғалымдарымыздың енді бірі қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамып жатқан кезеңінде бірнеше тілдерді білудің аса қажет екендігін алға тартады. Көптілділіктің әлемдегі өркениет пен білім жүйесіне сәйкес тыңдаушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, әлемнің сансыз құпияларын тануға, өз ой-пікірін дұрыс, сауатты жеткізуге ықпал ететіндігі жасырын емес. Жоғарыда атап өткеніміздей, бірнеше тілді меңгеру нақты бір жағдайларға байланысты орын алады. Л.В. Щерба қостілділікті табиғи және жасанды, таза және аралас

қостілділік деп бөліп қарастырады. Таза қостілділік бір-біріне бағынышты емес, яки бұл топтағылар екі тілде де таза, біріне-бірін араластырмай тең дәрежеде сөйлейді. Олар екі тілде де кез келген жағдаятта таза, еркін сөйлейді. Екі тілге тән барлық тілдік ерекшеліктер мен заңдылықтарды, сөйлеу әдебі мен мәнерін, интонациясын қатаң сақтай отырып тілдік қарым-қатынасқа түседі. Екі тілде немесе бірнеше тілде өте жоғары, таза, интерферентсіз дәрежеде сөйлетіндер қатарына оқытушыларды, ғылыми қызметкерлерді, қостілді жазушылар және т.б. жатқызуға болады. Екі тілде интерференттік дәрежеде сөйлетіндер, жазатындар, яғни екі тілде, тілдің бөлшектерін араластырып сөйлетіндерді аралас қостілділер тобына жатқызуға болады. Ал өз тілінде сөйлегенде, өзге тілдің сөздерін араластырып сөйлеп немесе өз тіліндегі сөздердің баламасын біле тұра екінші тілдің бөлшектерін қолдана сөйлеу, немесе өз тілінде сөйлеп тұрып, оны бірден өзге тілге аударып сөйлеу-жасанды қостілділіктің көрінісі. Осы арада интерферент және интеркаляция ұғымдарына анықтама бере кетсек: интерференция – қостілді адамның екінші тілде сөйлеу кезінде бірінші тілдің әсерінен тілдік нормадан ауытқуы, ал оның бірінші тілде сөйлеу кезінде тілдің әсерінен қате жіберуін интеркаляция дейміз.

Қазіргі кезде мемлекетіміз үштұғырлы (қазақ, орыс, ағылшын) тіл идеологиясын ұстанып отыр. Бұл заман талабы. Әрі кімге болса да, оңай түспейтіні сөзсіз. Еліміздің тарихи және геосаяси орналасу ерекшелігіне байланысты орыс тілінің де ресми тіл қатарында саналуы түсінікті. Ал қазіргі жаһандану заманында ғаламдық деңгейдегі мәдениетаралық қарым-қатынастарға ағылшын тілі арқылы қол жеткізуге болатындығы айқын болып отыр. Бірнеше тілдерді меңгеру – өркениеттіліктің, әлемдік деңгейдегі дамудың көрінісі ғана емес, саяси, экономикалық, мәдени т.б. байланыстардың кеңеюіне апаратын маңызды жолдардың бірі. Үштұғырлы тіл идеологиясын ұстанып, оны жүзеге асыру арқылы:

тілдік жағынан ешқандай туыстығы жоқ, өзге ұлт өкілімен аудармашысыз;  
тілдік қатынасқа түсуге мүмкіндік аламыз;

ғылыми зерттеу салаларындағы дерек көздеріне еркін қол жеткізе аламыз.

Үштілділіктің мүмкіндіктері:

тілдерді еркін меңгерген жағдайда шетелдерге әртүрлі мақсатта (іскери, тәжірибе алмасу, саяхат жасау т.б.) шығуға болады;

орыс тілінде қолданылып келген терминдердің, кейбір сөздердің қазақ тіліндегі баламасында қолданылуы көбейе түсті;

мәжілістер, жиындардың қазақ тілінде жүргізілуіне баса мән беріле бастады. (синхронды аударма, ілеспе аударманың маңыздылығы арта бастады);

ресми іс-қағаздары үш тілде толтырылатын болды;

қазақ мектептерінің саны артып, ағылшын тілін оқытуды төменгі сыныптардан бастау қолға алына бастады.

Қостілділік мәселесі жөнінде Б. Хасанұлының көзқарасы:

«Ана тілінің дамуы жанұядан бастау алады. Алайда кейбір қазақ жанұясында ана тілінің қолданылуы көңіл көншітпейді. Мемлекеттік қамқорлыққа алынған орыс тілінің арқасында көптеген өз тілін білмейтін қала қазағы бақуатты, ана тілін білмегендіктен, ұлттық мәдениеттен махрұм, сондықтан ондайлар ұлттық патриотизмнен ада болады. Оның жанұясында басы біріккенде ана тілінде сөйлесе алмаса, оларда отансүйгіштік те болмауы, керек десеңіз, көзқамандық орын алуы мүмкін.»

Жақын және ТМД елдеріндегі көптілділік:

Ресей Федерациясында да қазақтар саны айтарлықтай, 800 мыңға (2000—2001 жылдары) жууық. Олар тығыз қоныстанған аудандар Қазақстан шекарасының маңына таяу орналасқан. Бұл — Алтай, Новосібір, Омбы, Челябині, Қорған, Орынбор, Саратов, Волгоград, Астрахан облыстары. Ресейдің еуропалық бөлігінде қазақтар саны аз, негізінен, қалаларда тұрады. Орталық Азиядағы сияқты Ресей қазақтары да ауылдық жерде тұрады. Бұл олардың өзге халық арасында туысқандық байланыстары мен этностық тұтастығын сақтап қалу үшін тығыз орналасуға ұмтылуын, сондай-ақ қазақ тұрғындарының урбандалу

деңгейінің төмендігін көрсетеді. Қазақтардың ұрпақ сабақтастығын және этностық тамырымен байланысын сақтап келе жатқан салалардың бірі — ұлттық әдет-ғұрпы мен салт-санасы. Әлеуметтік салада аға ұрпаққа құрметпен қараушылық дәстүрі туысқандық байланыстар деңгейінде сақталған. Аға ұрпақ қамқорлығы және тығыз қоныстануының нәтижесінде қазақтар ана тілін сақтап қалған, дегенмен мұнда да жастар өзінің ана тілін нашар біледі. Оған Кеңес өкіметі кезіндегі білім беру жүйесіндегі өзгерістер де әсер етті. Қазақ мектептерінің жабылуы кеңес идеологтарының КСРО халықтары одағынан бірыңғай кеңес халқын қалыптастыруға ұмтылысына байланысты болған. Мәдениет және білім беру саласында орыс тілі басты назарға алынды. Қазақ халқының тілі мен мәдени дәстүрлерін сақтауға Ресей қазақтары құрған қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер де өз үлестерін қосуда. Таулы-Алтай қаласында тұратын 62 мың халықтың екі мыңға жуығы қазақтар. Жалпы, Алтай өлкесінде 15 мыңдай қазақ тұрып жатыр. Ал Барнауыл жақта — Алтай өлкесінің Сібір бөлігіндегі қазақтардың саны 7 мыңнан асады. Дүниежүзілік сахнада Тәуелсіз Қазақстан Республикасының пайда болуы қазақ халқының ұлттық санасын әсіре түсті. Қазақ диаспорасының өкілдері өз халқының тарихы мен мәдениетін тереңірек зерттеп білуге мән бере бастады. 1991 жылы Мәскеудегі қазақ жастарының «Мұрагер» мәдени қоғамы өз жұмысын бастады. Астанадағы көп ұлтты мегаполис жағдайында бір-бірімен тығыз қарым-қатынасын сақтап калу үшін мәскеулік «Қазақ тілі» қоғамы ұйымдастырылды (1990 жылы соңы мен 1991 жылы басында). Өткен жылдар ішінде бұл қоғамдар мен бірлестіктер біраз жұмыстар атқарды.

Алыс шетелдердегі көптіліділік:

2000 жылғы санақ бойынша Түркияда 20 мыңдай қазақтар тұрған. 1952—1958 жылдары келген алғашқы қазақтар тобы Стамбұл түбіне шоғырландырылып, азаматтық берілгеннен кейін ғана Батыс Анадолы аумағына орналастырылды. Түркиядағы қазақтардың әлеуметтік өмірінде де олардың белгілі бір руға жататындығы басты рөл атқарады. Түркияға көшіп келген соң қазақ отбасылары

1934 жылы есім реформасына байланысты түрік фамилияларын қабылдауға тиіс болады. Алайда мұнда фамилия әкімшілік мақсатта бірыңғайлау үшін пайдаланылады да, қазақтардың өздерін руына қарай анықтайды. Қалыңмал беру салты кездеседі, қалыңмалдың мөлшері әр түрлі, әлеуметтік жағдайына қарай өзгеріп тұрады. Аға ұрпақтың алдынан кесіп өтпеу, келіндік міндетті мінсіз атқару, «кіндік шеше», «өкіл әке», туыстарына бала беру сияқты қазақтың салт-дәстүр әдебіне баса мән беріледі. Дегенмен түркиялық қазақтардың өмір салтында бірқатар өзгешеліктер де бар. Күнделікті өмірде қазақ тілі мен түрік тілі аралас қолданылады. Жастар барған сайын салт-дәстүрді сақтауға немқұрайды қарауда, мысалы, болашақ жар таңдауды өз еркімен шешуге тырысады. Үйлену тойында қазіргі түрік және қазақ дәстүрлерінің элементтері аралас жүреді. Ортақ түркілік тегі және мұсылман діні қазақтардың түрік қоғамына тез бейімделіп кетуіне мүмкіндік берген. 1986 жылы «Қазақ» қоғамы құрылған, бұл қоғамды құрудағы мақсат — ұлттық салт-дәстүрді жастар санасына сіңіру, жоқ-жітіктерге әлеуметтік тұрғыдан көмектесу.

Еуропа елдеріндегі қазақ иммигранттарының аға ұрпағы, негізінен, ауыр және жабайы еңбекпен айналысып, балаларына жоғары білім әперуге жетерлік ақша жинауға тырысады. Қазір бұл елдердегі қазақтардың көпшілігі ауқатты тұрады: бизнеспен айналысады, екі-үш шетел тілдерінде сөйлей алады. Қазақтардың этностық тегі үй-ішілік деңгейде қазақ тілін сақтап қалуға тырысуынан байқалады, дегенмен жергілікті ортаның күшті әсері және тіл иелерінің азшылығынан, қазақ тілі жергілікті тілмен шұбарланып кеткен. Көпшілік қазақтар, әсіресе аға ұрпақ ұнтаспа, бейнетаспаға жазылған қазақ ән-күйлерін тыңдағанды ұнатады. Еуропа елдері мен АҚШ-та қазақ диаспорасының аздығынан және бос уақыттарының жоқтығынан олар көбінесе мейрамдарда және мешіттерде ғана кездеседі. Қазақ диаспорасының өкілдері қазіргі заман ағымымен өмір сүреді және басқа аймақтарға қарағанда ұлттық салт-дәстүрлерін ұмыта бастаған.

## Әдебиеттер

Хасанұлы Б. Үштілділік-бірарапты тілдік үдеріс. – Алматы, 2013.

Рсалиева Н. Қазақ үштұғырлы тіл идеологиясының позитивті және негативті тұстары // Жұлдыз журналы. – 2014. –№ 8. – Б. 191-203.

### **АЛЫС ЖӘНЕ ЖАҚЫН ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ КӨПТІЛДІЛІК**

**Жалелова Гаухар Ибатовна**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің,  
“Әлем тілдері” кафедрасының аға оқытушысы,

Ақтөбе, Қазақстан

**Төреғалиева Ғазиза**

**Мизамқызы Гүлхан**

Тобы:Биология 01,202

Оқу орны: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

*Әрине, ең бір қиын кезеңдерде ұлтты қонжыратпаудың қуатты қаруы болған  
қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тетігі болуға  
тиіс.*

Н.Назарбаев

Тіл – белгілі бір кезеңде туып, заңды түрде дамыған семантикалық жүйе.  
Мемлекеттік тіл - сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын,  
елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден- бір құрал. Бір тілде